




Ғаламды қаламымен өрнектеген



— Мен Қызылорда облысы Жанакорган ауданы
Полицейлік есі мекемесінде дүниеге келді.
Мұндағы болашақтың да емес шылар, мен
оқсан ауызының табиаты да ешкіндер. Тамын, бір
сағыншын анып ғаттаптың Сир озенінің ғасасы
остім. Балық аудадык. Атқа шілдік, ерік
сүйр айдастык, қозы-лақ бакыттык. Сир озенінің
бастау алатын «Сұнақ ата» мен «Қалам
каналының арасындағы дәлдігін анын шин
жантай да, малға да жайы еді. Танылған
нанна сары майды ғашып алған, ойнақтаған, ғана
лактыну согынан кететін дәзүштікке жүргілік,
бозторғандың құйымының даусын, бауыры ала,
құйырын айыр қарыншастиң шыны мен
сүзүмшін көріп, сезініп остік!

Қазақстанның мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы, Баубек Бұлқышев
атындағы сыйлықтың лауреаты, танымал журналист, Қаламы Қарымды өріптесіміз
Берік Бейсенұлының «Қалам мен ғалам» атты кезекті жинағы «Алтай медиа»
баспасынан қомақты кітап болып жарық көрді.

Жинаққа автордың әр жылдарда «Айқын» газетінде жарияланған тарихи-танымдық
мақалалары, ой-толғаулары мен жолсапар жазбалары жинақталып берілген. «Пікір мен
пайым», «Аңыз бен ақиқат», «Ел мен жер» атты бірнеше бөлімнен тұратын жинағында
автор он сегіз мың ғаламның құпия сырлары мен тосын құбылыстарын тың деректерді
арқау ете отырып, шүрайлы тілмен өрнектейді.

Қазақстаның құрметті журналисі, Президент сыйлығының лауреаты Нұртөре Жұсіп
«Беріктің бұл қазаққа берері көп...» деген тақырыппен кітапқа жазған алғысөзінде
қанаттас, қаламdas бауырының журналистік шеберлігінің өте жоғары, кәнігі газет

қызметкери, байыпты басшы, өз ісінің әмбебап маманы екенін атап өткен. «Оның қаламынан шықкан мақалаларда ең бірінші кезекте ұлттық рух, мемлекетшілдік, жауапкершілік ұғымдары желдей есіп тұрады» дей келе, автордың өз мақалаларында бәйпектеп, ұзын арқан, кең тұсауға салып жатпайтынын, қоғамда орнықкан күрмеулі мәселені барынша өткір және ашық түрде қоятынын, билік иелері не деп қалады екен деп жалтақтамайтынын қаламгердің жазбаларынан нақты мысалдар келтіре отырып дәйектейді. Расында да, Берік Бейсенұлының ширек ғасыр бойы қазақ баспасөзінің отымен кіріп, құлімен шығып келе жатқан кәнігі қаламгер екені қөзіқарақты оқырманға бұрыннан белгілі. Қазақ журналистикасының санасына серпіліс әкелген «Жас Алашта» бірнеше бөлімнің жүргін көтеріп, он жыл бойы шындалған. «Айқындағы» күн сайынғы газет шығару ісінің ауыртпалығын айтпағанда, қаламынан төгілген мәнді де мазмұнды мақалалар шоғырының ізі молынан сайрап жатыр. Журналистикада қалам тартпаған саласы жоқ. Соның ішінде саяси тақырыптарға көбірек сұңгігені де рас. Кезіндегі сараптама мақалаларының салмағы уақыт өтсе де шынайылығын дәлелдеп келеді. Көргені де көп, байқары да, айтары да жетіп артылады. Талай елдің топырағын басып, сүйн жүтқан. Грузин өнерінің алыбы Вахтанг Кикабидземен тізе қағысып, қалжың жарыстырып, байсалды байламдарын қазақ баспасөзіне байлап берген де Бейсенұлы. Ендеше, оның кезекті жинағынан кеудесі зерлі оқырман үшін талай жауһар дүниенің молынан табылатыны күмәнсіз. Айталық, тілдік, ұлттық рухтағы түйткілдерге келген-де қоғамдық пікірдің отын қозғайды, шоғын маздатады; ұлт болып ұтылмау үшін үздік үрдістерді ұлғі етеді; салмақты сараптамалары мен салиқалы ойлары арқылы әлемдік геосаясаттың тереңіне кәсіби тұрғыда барлау жүргізіп, қазақ баласының мұддесін көздей отырып қорытынды жасайды; ұрпақ тәрбиесінде ұтылмау үшін әлеуметтік түрлі зерттеулер жүргізіп, отаншылдықты оятады; жұмбағы көп жаратылыстың жалына жармасып, тарихтың тылсымына үніліп, әлемнің ашылмаған құпияларына бірауық бойлап көреді. Қысқасы, «Қалам мен ғалам» әсерлі сезімге бөлейтін, терең ой салатын, танымынды арттырып, талайды толқытатын, керегі де, дерегі де мол дүние. Оқырман өзін аландатқан, толғандырған, мазалаған талай сұрактарға дәл осы кітаптан толымды жауап табары хак. Кітап сонысымен де құнды, сонысымен де нұрлы.

Төреғали ТӘШЕНОВ